



Автор: Оспанова Зауре Сагинтаевна

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 7-сынып



Бөлім: Наурыз мейрамы. Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын!

Тақырып: Наурыздың сәні- зергерлік бұйымдар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.А2. Кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу. 7.Ж5. Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер); оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Зергерлік бұйымдар туралы толық ақпарат беру, оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту
Тілдік мақсаттар:	Есімдік түрлерін ажыратады, тапсырмаларды орындайды
Күтілетін нәтиже:	Барлығы: Зергерлік бұйымдарды біледі, топпен, жұппен, жеке жұмыс жасайды, сұрақтарға толық жауап береді; Көпшілігі: жаңа сөздерді қолданады, әшекей бұйым түрлерін ажырата біледі Кейбірі: Сөйлем құрастырады, зергерлік бұйымдарды толық біледі;
Бағалау критерийлері:	Әшекей бұйымдар туралы білетінін айтады, тақырып бойынша сұхбат құрады, шағын мәтін құрайды.
Құндылықтарды дарыту:	Зергерлік өнер –қазақ халқына тән ерекше өнер екенін, халқымыздың ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі мәдениеті екенін ұғындыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиомәтін, PowerPoint таныстырылымы.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті, тарих
Бастапқы білім:	Өткен сабақты пысықтау. «Кофе таяқшалары» әдісін қолдану. 1. Наурыздың сәні не? 2. Мереке күні адамдар қандай киімдер киеді? 3. Наурызда әжем қандай бұйымдар тақты? 4. Ертеде қазақ қыздары шаштарына не таққан? 5. Шашбау мен шолпы қыздарды не нәрсеге үйреткен?
Наурыздың сәні- зергерлік бұйымдар	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	1. Сәлемдесу 2. Кезекшімен сұхбат 3 Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде «Көңіл күйді анықтау» тренингін өткізеді. Әрбір адам-досым, сыныптасым Әрбір сөзің-шындық, адалдық Әрбір сабақ- оқу, үйрену, іздену Әрбір ісің- -тірлік, тірек, адамдық. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру Мұғалім екі топқа бөледі, топ басшысын сайлайды.	Презентация

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	Тақырып бойынша «Білім ленд» сайтынан аудиомәтін тыңдатып, жекеше жазба жұмысы жүргізіледі. Формативті бағалау Үлгерімі төмен оқушыларға жеке жұмыс. Карточка №:1 Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз Күн мен түн..... Әр үйде наурыз көже Наурызда адамдар ұлттық ойындар Керекті сөздер : пісіреді, теңеледі, ойнайды Карточка №:2 Сөздерді сәйкестендір Наурыз теңеледі Күн мен түн тағам Наурыз көже демалыс күні Бұл күн мереке Берілген мәтіндерді, суреттерді таратады, оқушылар оқып постер жасап, қорғайды, бірін-бірі толықтыру керек. Дескриптор: 1 тірек сөздерді анықтайды; 2. мәтін мазмұнын түсінеді; 3. нақты тақырып төңірегінде әңгімелейді. Жұппен жұмыс. Жағдаят: «Сыйлыққа әшекей бұйым сатып алуға дүкенге келдің?» Диалог құрастыру Қандай білезік? - Тағы не бар екен? - Сен не сатып алар едің?	«Білім ленд» , карточкалар, постер қорғау
Сабақтың соңы (7 минут)	Үй тапсырмасы: Бір зергерлік бұйымның суретін салып, әңгімелеу. Бағалау: Формативті бағалау. Мұғалім оқушылардың өзара бағалауы бойынша қорытынды бағаны өзі қояды. «ИӘ / ЖОҚ» әдісі 1.Сақинаны дәрігер жасайды. /жоқ 2.Сақинаны құлаққа тағады. /иә 3.Білезікті ұл балалар тағады. жоқ 4.Әшекей бұйымдарды зергер жасайды. иә 5.Сырғаны қолға тағады. жоқ   	"Иә/Жоқ" әдісі
Рефлексия (3 минут)	   мен барлығын түсіндім Сұрағым бар Түсінбедім	
Наурыздың сәні- зергерлік бұйымдар (40 минут)		